

**Кастодиан-банктердің "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ-ында жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарға есеп жүргізу жөніндегі жеке "депо" шоттарын ашу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1999 жылғы 5 тамыздағы N 388 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 13 қыркүйекте N 891 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 149 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы заңының 55-бабы 1-тармағының 1) тармақшасын және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 26 шілдеде тіркелген "Бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыноктарында зейнетақы активтерінің қатысуымен сатып алу-сату мәмілелерін жүргізу туралы" Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директоратының 1999 жылғы 24 маусымдағы N 352 қаулысын орындау мақсатында, сондай-ақ мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының (алушыларының) құқықтары мен мүдделерін қорғау және сауда-саттық ұйымдастырушылардың сауда жүйесінде зейнетақы активтерінің қатысуымен зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар жасайтын сатып алу-сату мәмілелеріне бақылау жасау мақсатында Ұлттық комиссияның Директораты қаулы етеді:

1. Кастодиан-банктер "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ-ында жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін осы Қаулы күшіне енгізілгеннен бастап бес күн ішінде мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарға есеп жүргізу жөніндегі жеке "депо" шоттарын ашуға міндеттелсін.

2. Осы Қаулының қабылданған күнінен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Заң басқармасы осы Қаулыны мемлекеттік тіркеу мақсатында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасының Зейнетақыны реформалау бөлімі:

1) осы Қаулыны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу

жөніндегі комитетінің, кастодиан-банктердің және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың назарына жеткізсін;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

5. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ-ның, "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның назарына жеткізсін.

*Ұлттық комиссияның Төрағасы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК